

*Кәсіптік білім берудегі  
оқытудың  
интерактивті  
технологиялары*

Тексерген: *доц. Орынбекова  
Д.С*

*Орындаған: МПТЭ-19-2  
студенті*

*Аитбек А.С*

- Шетелдік басылымдар бойынша **«ТЕХНОЛОГИЯ»** дегеніміз - «қағидаларды анықтау және құрастыру, тәсілдерді және материалдарды қолдану жолымен, сонымен қатар қолданылатын әдістерді бағалау көмегімен білімдік тиімділікті жоғарлататын, білім процесінің тиімді тәсілдерін, фактілерді талдау жолымен жасау мақсатында зерттеу».



## Технологияның түрлері






**Педагогикалық технология** – психологиялық-педагогикалық нұсқауларды білім беру процесінде қолданылатын оқытудың және тәрбие құралдарының арнайы формалары, әдістері, құралдары және тәсілдер жиынтығы, ол болжанған білім беру нәтижесіне алып келеді.



М.В. Кларин, Г.М. Құсайынов, В.П. Беспалько, Ж. Қараев еңбектеріне сүйенсек **педагогикалық технология** дегеніміз - өнер, шеберлік, білік, білімді меңгерудің жаңа жолы (оқытуды ұйымдастырудың жаңаша формалары, әдіс-тәсілдері), оқыту процесін ұйымдастырудың, өткізудің жан-жақты ойластырылған педагогикалық қызметтің моделі; оқытуда мақсатты нәтижеге жетудің кепілдік беретін жазбаша үлгі-жоспары, оқыту процесінде адамның іс-әрекетімен техниканың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану т.б.

- 
- Біздің пікірімізше, **педагогикалық технология** дегеніміз – белгілі бір тәрбиелеу немесе оқыту мақсатында тиімді нәтиже алу үшін ұсынылатын технологияның бір түрі.

- **Әдіс** - білім беру, тәрбиелеу және дамыту барысында белгіленген мақсатқа жетуді қамтамасыз етуге, ғылымда зерттеуді жүзеге асыруға көмектесетін тәсіл, алға қойған міндеттерді шешу үшін ұйымдастырылған адамдардың, ұжымдардың іс-әрекетінің бір жолы.


**Оқыту әдістері** деп оқу-тәрбие мақсатына жетуге бағытталған мұғалім (оқытушы) мен оқушылардың (студенттердің) өзара байланысты іс-әрекет тәсілдері.









### Пассивті әдіс




### Белсенді әдіс



### Интербелсенді әдіс





***Пассивті оқыту*** – студенттер мен топ кураторы / оқытушылардың өзара әрекеттесу формасында, сабақ барысында оқытушы негізгі қызмет атқарады, ал студенттер пассивті тыңдаушылар рөлінде болады.

Студент «**оқытудың нысаны**» рөлінде болады:

- тыңдайды;
- көреді, қарайды.

---

***Пассивті сабақтарда*** келесі жолдар арқылы жүзеге асырылады:

- ✓ сұрақ қою;
  - ✓ өз бетінше және бақылау жұмыстары;
  - ✓ тестік тапсырмалар және т.б.
-

### ***Белсенді әдістерді пайдалану:***

- ✓ оқытушы мен студент сабақ барысында бір-бірімен өзара әрекеттеседі: студенттер енді пассивті тыңдаушылар емес, олар оқыту процесінің *белсенді қатысушылары*;
- ✓ пассивті сабақ барысында негізгі фигура ол оқытушы болды, ал мында студент пен оқытушы бірдей құқыққа ие – *студент оқытудың «субъектісі»* ретінде болады;
- ✓ пассивті сабақтар оқытудың авторитарлы стиліне негізделеді, ал белсенді сабақтар *демократиялық стильге* негізделеді.






**«Интерактивті»** - ағылшын *«interact»*  
(«*inter*» - «өзара», «*act*» - «әрекет ету»)



### Интерактивті оқыту




**Интерактивті әдістер** белсенді әдістерге қарағанда студенттердің тек оқытушымен белсенді әрекеттесуге ғана негізделмеген, онда студенттер бір-бірімен белсенді түрде әрекеттеседі.

*Педагогикалық мүмкіндіктердің арасында ең жемістісі –  
ол интерактивті оқыту!!!*

**Интерактивті оқыту:**

- ✓ білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуі диалогты формаға негізделген тәсіл;
- ✓ өзара араласуға (сөйлеуге) негізделген оқу, оның барысында студенттердің жұмысты бірлесе орындау дағдысы қалыптасады;
- ✓ «барлығы әр қайсысын зерттейді (таниды) және әркім барлығын зерттейді» .





**Интерактивті негізде оқу мақсаты** – білу емес, үйрете білу.

Студенттер кейбір нақты дұрыс жауабы жоқ, проблемалы сұрақтарды шешу барысында келесіге жол беріледі:

- өздеріне деген сенімдері тәрбиеленеді;
- шешендік өнерлері жетіледі;
- танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын);
- сыни ойлау дағдыларын дамытады;
- өз пікірлеріне деген құқығын түйсінуі артады;
- пікірлердің көптігін ұғынады және т.б.






# Интерактивті әрекеттесу

біреумен (адаммен)



бір затпен (компьютермен және т.б. техн. құралдармен)



## Интерактивті әрекеттесу

Нақты жағдайларды талдау



Класс Л.И. Сидоровадан техникалық оқушымен

Топтық жұмыс



Класс Л.И. Сидоровадан техникалық оқушымен

Модерация



Класс Л.И. Сидоровадан техникалық оқушымен

Ойын технологиялары



Класс Л.И. Сидоровадан техникалық оқушымен



**Интерактивті формада** практикалық (семинарлық), зертханалық және дәрістік сабақтар да ұйымдастырыла алады. Ғылыми тұрғыда дәрістік сабақтарды жүргізудің келесідей түрлерін ерекшелеуге болады




- **Проблемалы дәріс**
- **Жоспарланған қателіктері бар дәріс (дәріс-провакация)**
- **Қос ұстаздың дәрісі**
- **Дәріс-визуализация (елестету)**
- **«Пресс-конференция» дәрісі**
- **Дәріс-диалог.**





- **Проблемалы дәріс.** Оқытушы сабақтың бас кезінде және жаңа сабақты мазмұндау барысында проблемалық жағдай тудырады және студенттердің оны талдауға тартады. Проблемалы жағдайда келтірілген қарама-қайшылықты шешуде студенттер өз беттерінше оқытушы жаңа білім негізінде ұсынғысы келген шешімдерге келуі мүмкін.

- **Қос ұстаздың дәрісі.** Бір тақырып шеңберінде және бір-бірімен, сонымен аудиториямен екі оқытушының жұмысы ретінде болады. Оқытушылар және аудиторияның диалогында проблема қояды және проблемалы жағдайды талдайды, гипотезаны ұсынады, оларды жоққа шығару немесе дәлелдеу, пайда болған қарама-қайшылықтардың шешілуі және шешімді іздеу жүзеге асырылады.



- **Жоспарланған қателіктері бар дәріс (дәріс-провакация).** Дәріс тақырыбын айтқаннан кейін оқытушы әр қилы типтегі бірқатар қателіктердің жіберілгенін алдын-ала айтады: мазмұндық, әдісте-мелік, мінез-құлықтық және т.б. Сабақтың соңында студенттер қателіктерді атаулары керек.




- **Дәріс-визуализация (елестету).** Дәрістің осы типінде оқытушы студенттерге ақпаратты ТОҚ және ЭЕМ (презентациялық материал (слайд), бейне жазба, дисплей, интерактивті тақта және т.б.) көмегімен жеткізу: әр қилы суреттер, құрылымды-логикалық схемалар, тіреу конспектілері, диаграммалар және т.б.



- **«Пресс-конференция» дәрісі.** Келтірілген дәріс тақырыбы бойынша оқытушы студенттерді 2-3 минут аралығында оларды қызықтыратын сұрақтарды жазбаша түрде жазуды сұрайды. Содан кейін 3-5 минут аралығында оқытушы осы сұрақтарды мазмұны бойынша жүйелендіреді және дәрісті оқи бастайды, дәрістің мазмұнында олардың қойған сұрақтарына да жауап береді.



- **Дәріс-диалог.** Дәрістің мазмұны сұрақтар сериясы бойынша қойылады, ол сұрақтарға студенттер дәріс барысында жауап береді.



## Интерактивті оқытудың оң және теріс жақтары

| +  | -  |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"><li>✦ Оқу және танымдық мотивация жоғарлайды.</li><li>✦ Қатысушылардың қобалжу деңгейі төмендейді.</li><li>✦ Білімді меңгеру және актуализациялау тиімділігі жоғарлайды.</li><li>✦ Аудиторияда психологиялық климат жақсарады.</li><li>✦ Қатысушылардың бірлесе орындау тәжірибесі интеграцияланады.</li><li>✦ Студенттердің өз пікірлері қалыптасады, олар өз ойларын дәлелдеуді үйренеді.</li><li>✦ Студенттер бір-бірлерімен, оқытушымен дұрыс сөйлеуді үйренеді, коммуникативті құзыреттілікті меңгереді.</li><li>✦ Студенттерде жауапкершілік, өзара көмек көрсету сезімі пайда болады.</li></ul> | <ul style="list-style-type: none"><li>✦ Топтық жұмысқа бірінші үйрету қажет.</li><li>✦ Топтық жұмысты ұйымдастыру оқытушыдан ұйымдастырушылық білікті, төзімділікті талап етеді.</li><li>✦ Интерактивті оқыту процесінде басқа адамдардың ойымен және іс-әрекетімен алмасу жүзеге асады.</li></ul> |





---

*Назарларыңызға рахмет!*